

**6D041600-Өнертану мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға
ұсынылған Нәдірбеков Икрам Ойықбайұлының «Мүсін өнеріндегі
көрнекі бейне поэтикасы» докторлық диссертациясы мәтініне
АҢДАТПА**

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Диссертацияда эстетикалық-философиялық дискурс негізінде заманауи қазақ мүсін өнерінің көрнекі және көркем бейнесінің поэтикасына тарихи-өнертану талдау жасалынған. Негізгі зерттеу мәселесінің назары Қазақстанның заманауи мүсін өнерінің эстетикалық өзіндік ерекшелігін, оның тарихы мен көрнекі бейнесінің ерекшеліктерін анықтау және сипаттауға аударылған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Зерттеу қажеттілігі өнер генезисінің классикалық заңдылықтарымен белгілі бір уақытқа тән бірегей бейнелі тілдің түйіндесу мүмкіндігіне адамның қызығушылығыныңөсуімен анықталады. Бұл автор үшін Қазақстанның заманауи өнерін талдау және оның ары қарай даму жолдарын анықтау ракурсында аса маңызды. Бейнелеу өнерінің көркем тілінің тұжырымдамалық негіздерін зерттеу мәселесі алғаш рет көтеріліп отырған жоқ, бірақ бейне поэтикасын рухани-эстетикалық феномен ретіндегікөрнекіленуі әлі де зерттелмеген күйде қалып отыр.

Зерттеу нысаны Қазақстанның пластикалық өнері болып табылады.

Зерттеу пәні заманауи қазақ мүсін өнерінде көрнекі образ поэтикасының феномены болып табылады.

Жұмыстың мақсаты: Қазақстан кәсіби мүсін өнеріндегі көркем бейнеэволюциясы мен қалыптастыру процесстерін анықтау, оның эстетикалық, символикалық және техникo-технологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- ежелгі мүсін нысандарының сакральды-кеңістіктік негізінің мәнін анықтау;
- пластикалық өнердегі модельдеудің дәстүрлі әдістерінің тұжырымдамалық шектерін анықтау;
- көркем образдағы символдың ролі мен ерекшеліктерін талдау;
- қазақ мүсін өнеріндегі көркем бейненің табиғаты мен ерекшелігін зерттеу;
- Қазақстанның заманауи пластикалық өнеріндегі көрнекі образды қалыптастыру табиғатымен стильдік бағыттардың өзарабайланысын сипаттау.

Мәселенің зерттелу дәрежесі

Зерттеу мәселелерінің көлемін ескере отырып және шетелдік және қазақ өнертануындағы белгіленген мәселелерді толық және терең зерттеу мақсатында, біз жетекші өнертанушылар, философтар, мәдениеттанушы,мүсіншілер зерттеулерін қарастырдық. Шетелдік және отандық пластикалық өнер табиғаты саласындағы жалпы сипаттағы ғылыми зерттеулер, сондай-ақ эстетика, мәдениеттану және көшпенділер мен қазақ халқының өнер тарихындағы зерттеулер болса да, осы уақытқа дейін

пластикалық өнердегі көрнекі бейне поэтикасының феномены жан-жақты ғылыми талдаудың арнайы пәні болған жоқ.

Зерттеудің әдістемелік базасы

Диссертацияның ұсынылған тақырыбы эмпириялық талдау жәнетеориялық түсінігінің анықталуымен сипаталатын өнертанудың кешенді әдістемесіне жүгінуге себепші болды.

Біз мәдени-тарихи және иконологиялық әдістерді, сондай-ақ классификациялық, типологиялық, формалды және стилистикалық талдауды қолдандық.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Диссертацияда алғаш рет заманауи қазақ мүсін өнерінің көркем-көрнекі контексті көрнекі поэтика көздері мен табиғатын анықтау тұрғысынан қарастырылады.

Диссертациялық зерттеуде алғаш рет қазақ мүсін өнеріндегі көрнекі бейненің іргелі рөлі мен маңыздылығы тағайындалған, оның табиғаты зерттелді, типологиясы көрсетілді. Заманауи қазақ пластикалық өнерін символдық, мифопоэтикалық мағынасында көрнекілеу тұрғысынан, бейнелі тілдің пайда болуы мен өзгеруінің табиғатын өнертану тұрғысынан жүйелі түрде қарастыру жәнәделелдеу инновациялық әдіс болып табылады.

Зерттеу гипотезасы

Шындық пен қиял, қиялдағы ой мен нақты оқиға, көзге көрінетін және көрінбейтін қарым-қатынас парадигмасы пластикалық өнер туындысының көрнекі бейне поэтикасының негізі болып табылады.

Заманауи қазақ мүсін өнері ең алдымен, өзімен өзі өмір сүретін ерекше текст, бейне мен мағыналардың бірегей көркем ұйымдастырылуы ретінде көрінеді, сондай-ақ символдар, белгілер мен философиялық концептілер арқылы әлем туралы баяндаудың жалпы құрылымына тоқылған ерекше текст, бейне мен мағыналардың бірегей көркем ұйымдастырылуы ретінде көрінеді.

Қорғауға шығарылған ережелер

1. «Көрнекі бейне» және «көркем бейне» түсініктерінің айтарлықтай айырмашылықтары бар жәнәшебер жасайтын қасиетті кеңістікке көрермендерді енгізу үшін әзірленген, мүсін туындысының мағыналық табиғатына «батыру тереңдігінің» әр түрлігімен сипатталады.

2. Заманауи пластикалық өнер жалпы алғанда көрнекі мәдениетті дамытудың спецификасы мен қарқынын көрсетеді, ол қоғамның ақпараттық кеңістікте интеграциялану процесімен байланысты. Бұл ХХІ ғасырдағы көркем шығармашылықтағы көрнекі бейненің әсерінің күшеюімен түсіндіріледі.

3. Мүсін өнерінің көрнекі поэтикасы, бұл жағдайда мүсін, мүсіннің бейнесі көзге көрінетін, мағыналы жәнә көркем-символдық іске асырылу ретінде әлемді түсіну символы болып табылатын спецификалық идеялық контрапункт ретінде қабылданады.

4. Көрнекі құраушының доминантасы ХХ ғ. соңы-ХХІ ғ. басындағы заманауи қазақ мүсін өнерінің негізгі жанрларының барлығында көрінді.

5. Көрнекі бейненің, оның пластикалық өнердегі поэтикасы мен мағынасының басымдылығы заманауи қазақ мүсін өнерінде маңызды және қалыптастырушықағидалардың бірі ретінде қаралады.

6. «Көркем» және «көрнекі» бейнелердің философиялық-көркем талдау процесінде қатар қарастырылуы адам рухының күшінің материямен түрлендіру феномені ретінде және өнер түрі ретінде мүсін өнерінің мәнін түсінуді айтарлықтай тереңдетеді.

Жұмыстың ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңызы

Диссертацияның теориялық маңызы мүсіннің мысалында заманауи отандық бейнелеу өнерінде көрнекі бейнелеудің поэтизациялау феноменін зерттеуді жаңарту болып табылады. Диссертацияның тәжірибелік маңызы оның материалдарының өнертанушылар, мәдениеттанушылар ғылыми зерттеулері мен тәжірибелік қызметтерінде пайдалану мүмкіндігі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы оның максаттары мен міндеттерімен сипатталады. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, алты тармақтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, кестелер және иллюстрациялық материалдарымен қосымшалардан тұрады. Мәтіннің көлемі – 134 бет, әдебиеттер тізімінде 170 атау бар, қосымшада 1 кесте және 84 түрлі-түсті иллюстрациялар бар.

Жұмыстың негізгі мазмұны

Кіріспеде зерттелетін тақырыптың өзектілігі, ғылыми жаңалығы негізделеді; максаты мен міндеттері, зерттеу нысаны анықталады; ғылыми мәселенің зерттелу жағдайы, зерттеудің әдістемелік базасы сипатталады; қорғауға шығарылатын ғылыми нәтижелердің жалпы тұжырымдамасы анықталады.

«Дәстүрлі мүсін өнері және оның заманауи болудағы рөлі» бірінші тарауы дәстүрлі пластикалық бейнелік жүйелерді қалыптастыру спецификасы мәніне жалпы тарихи-мәдени және өнертанушылық шолуды зерттейді.

«Көне мүсіндік формалардың сакральдік-кеністіктік негіздері» бірінші тармағының максаты мүсін өнерінің көне, классикалық және заманауи көрінуі мен мағынасының дінге тік өзара байланысының дәлелдерін іздеу болып табылады.

«Модельдеудің дәстүрлі әдістерінің шектері» екінші тармағы форманың қалыптасу қағидаларын, яғни ежелден бастап, нақтырақ айтқанда грек классикасынан бастап, ХХ ғасырдың екінші жартысына тән мүсін өнеріндегі жаңа пластикалық тілдің қалыптасуына дейін және осы күнге дейінгі «дәстүрлі» ретінде қарастырылатын қағидаларды зерттейді. Әрине, бұл шарттық бөліну, бірақ біздің көзқарасымыз бойынша мүсін өнеріндегі модельдеудің дәстүрлі әдістерінің шектерін тек осылай ғана анықтай аламыз.

«Мүсін өнеріндегі көркем образдың табиғаты» атты диссертацияның екінші тарауының максаты бейнелі тілдің көркемдік-композициялық ерекшеліктері мен көркем бейнені қалыптастырудағы символдың рөлін зерттеу болып табылады.

«Көркемдік-композициялық ерекшеліктер» атты диссертацияның бұл тармағында біз өзарабайланысты екі маңызды сәттерге: жалпы алғанда, мүсін өнерінің негізгі композициялық ерекшелігінің көрнекі бейнеленуіне және оның заманауи мүсін өнеріндегі спецификасына тоқталдық. Мүсін өнеріндегі көрнекі бейне негізінен оның көркемдік-композициялық ерекшеліктерімен анықталады. Соңғысы, өз кезегінде біздің ойымызша екі нәрсеге тәуелді: автордың ниеті және туындыны жасау сәтіндігі басым көркемдік стилге. Көркем стилдің диктаты ежелгі заманынан XX ғасырға дейін өзекті атап өткен жөн.

Біз мұны Батыс Еуропа дәстүрлері мысалында бейнелеу өнері тарихының табиғи барысымен байланыстырамыз. XX ғасырға дейін өнер тарихы дәуірлер ретіндегі стильдер тарихы болып табылса, бірақ XIX ғасырдың соңынан және содан кейін XX ғасырда стильдер емес, бағыттар немесе ағындар басымды болып табылады.

Мүсін өнерінің бейнелі табиғатын талдау әдістемесі пластикалық өнердің басқа түрлерінде пайдаланылатын ұғымдық аппараттармен жалпы алғанда бірдей. Барлық жерде композиция, қозғалыс немесе статика, силуэт, ырғақ, жарық, түс және фактура сияқты құралдармен көрнекі бейнені жасау туралы айтылады. Алайда, мүсінмен байланысты жағдайда, осы барлық терминдер ерекше спецификаға ие болады.

«Көркем образдағы символдың рөлі» атты екінші тармақ мүсін өнеріндегі көрнекі бейненің табиғатын және символдың феномені мен оның көркем образды қалыптастыру процесіндегі рөлін зертейді.

Символ мәселесі әрқашан болған, бірақ біздің зерттеу контекстінде, оның философиялық түсіндірілуі ерекше қызығушылықты тудырады, өйткені ол бейнелі тілдің пайда болуы, өмір сүруі және түрленуінің негізі болып табылады.

XX екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы мүсін өнерінің эволюциясы символ ретіндегі көркем бейнесі мен көркем бейне ретіндегі символ өте өткір және үзілді-кесілді мәселесі етіп қарастырады.

Тіпті, осы жұмыстың шеңберінде жүзеге асырылатын бейнелеу өнеріндегі символды шағын зерттеудің өзі, кеш ежелден бастап XX ғасырдың екінші жартысымен аяқталатын өнердің аясында болып келген символдың декоративті көрнекі элементтің мәдени феномены екенін көрсетеді, XX ғасырда ол әлемнің жаңа суретін сипаттайтын метафизикалық бірлік ретінде қолданыла бастады; символ «өлі» көркем шығармашылыққа қасиетті өмірлік энергияны қайтаруға қабілетті болса, бір жағынан, тарихқа дейінгі дәуірінде қалыптасқан әмбебап формалары мен ұғымдар қайтарса, екінші жағынан осы негізде түбегейлі жана көрнекі бейнелі шындықты құрады.

Символға көркем бейне болуы міндетті емес, алайда, әр уақытта көркем бейненің негізін әртүрлі архетиптің «сығылған» қасиетті мәні болып табылатын символ болып табылады. Бейнелеу өнерінде көркем бейне символды көрнекі бейнелеудің ретінде қарастырылуы тиіс.

«Бейне мен материалдың өзара әрекеттесу мәселесі(заманауи қазақстандық мүсін өнері мысалында)» атты диссертацияның үшінші тарауы Қазақстанның пластикалық өнеріндегі көрнеі бейненің дамуының негізгіүрдістері мен көркем образбен материалды детерминациялау әдістерінің талдауды зерттеуді біріктіреді.

Бұл тарауда қазақстандық мүсін өнерінің, онындамуының әр түрлі кезеңдеріндегі материалдарындакөрнекі поэтика эволюциясының негізгі үрдістері талданады. Пластикалық көркем пікірді калыптастырудың, оның Қазақстандық контекстіндегі көзін арғы түрік эпохасынан іздеу керек.

Өзінің дамуының әр кезеңінде, әр заманның идеологиялық құндылықтарын айқындауға қабілетті мүсін өнері пластикалық өнердің басым түрінің бірі ретінде қарастырылды: соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі ерлік оптимизмнен бастап 60-жылдарда жана үрдістердің пайда болуына және оларды 70-80 жылдарда нығайтуға дейінгі кезеңдер. 90-жылдар айкындалған мифопоэтикалық бастаманың әсерінен пластикалық тіл мен көркем өнердің өзгеру уақыты болып саналды.

Біздің ойымызша,отандық пластикалық өнеріндегі соңғы жиырма жылтенгриан мәдени коды призмасы арқылы «өзін-өзі» іздеумен сипатталады. Соңғысы өз кезегінде, жалпыеуразиялық символдар мен метафоралар тілінде «оқуға және айтуға» қабілетті «симфониялық тұлға» калыптастыру мақсатында өнер барлық жүйесіндегі гармонизациялауға көмектесетін,бірегей көрнекі бейненің пайда болуына әсер етті.

«Көркем бейнемен материалдыдетерминациясы заңы» екінші тармағында шығармашылық күш әсерінен өнер туындысына айналатын материя детерминациясы табиғаты зерттелген.

Материал толық және объективті түрде идеяны білдіретін әдіс болып табылады. Идея өзімен өзі бар бола алады, бірақ материалдық қабығын алғанда ғана тілге ие болады.Музыка үшін- нота, сурет үшін - кенеп пен бояулар, мүсіндер үшін - көрінетін және ұсталатын материалдар: тас, металл, ағаш, шыны болып табылады. Жана материалдар қажеттілік нақты көркем стилдің дамуындағы белгілі бір өзгерістермен бірге пайда болады. Дүниетаным өзгерсе - оны білдіру тәсілі де өзгереді.

Пластикалық өнердің объективтілігі бар, оған калыптастыруы шын мәнінде олардың бейнелі құрылым сипатын анықтайтын нақты материалды өңдеу арқылы қол жеткізіледі.

Қорытындыда зерттеудің нәтижелері жасалған, қазақ пластикалық өнеріндегі көрнекі-бейнелік жүйелердің дамуының табиғаты мен нысандары анықталған. Қазақ мүсін өнерінің бейнелерініңфилософиялық-эстетикалық негіздерін зерттеулер негізінде қорытындылар және жұмыс нәтижелерін қолдануға белгілі болжамдық бағаларжасалынған.